

ЭОЖ 398.2:633.1(574)

ГТАХР 16.21.29

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.022>

## ФИТОНИМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ КОДЫ: ЫРЫМ-ТҢҢЫМДАР МЕН НАНЫМ-СЕНІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ

\*Нұрсұлтанқызы Ж.,<sup>1</sup> Снасапова Г.Ж.,<sup>2</sup> Байдаулетова А.Ө.,<sup>3</sup> Боранбай Б.Е.<sup>4</sup>  
<sup>\*1,2,3,4</sup> Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халқының тілдік дүниетанымында маңызды орын алатын фитонимдердің этномәдени коды, олардың ырым-тғыйымдар мен наным-сенім жүйесіндегі рөлі қарастырылады. Фитонимдер тек номинативтік мағынамен шектелмей, халықтың экологиялық, сакралдық және дүниетанымдық ұстанымдарын бейнелейтін мәдени таңбалар ретінде сараланады. Қазақ этнолингвистикасында өсімдіктерге қатысты қалыптасқан таным түрлері ұлттық болмыс пен рухани кеңістіктің ажырамас бөлігі саналады. Мақалада жусан, адыраспан, арша, тары, сексеуіл, тобылғы сияқты фитонимдерге этнолингвистикалық, семиотикалық және мәдени-когнитивтік талдау жасалып, олардың дәстүрлі танымдағы орны мен қызметі жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар, бұл өсімдіктердің фольклордағы, мақал-мәтелдердегі және діни жоралғылардағы көріністері де зерттеледі.

Мақаланың мақсаты – фитонимдердің этномәдени кодын зерттеу арқылы олардың қазақ халқының наным-сенімдері, ырымы-тғыйымдары мен мәдени дәстүрлерінде атқаратын рөлін анықтау. Сонымен қатар, фитонимдер арқылы халықтың дүниетанымын, табиғатқа, өсімдіктерге деген көзқарасын, халықтық сенімдердің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығы фитонимдердің этномәдени кодын зерттеу арқылы қазақ халқының дәстүрлері мен наным-сенімдерінің терең негіздерін ашып көрсету. Зерттеу әдіснамасы этнолингвистикалық, семиотикалық және мәдени-анализдік тәсілдерге негізделген. Фитонимдер жүйесі мен олардың қазақ мәдениетіндегі рөлі терең талданып, олардың символикалық мағынасы мен тілдік құрылымдағы орнына ерекше көңіл бөлінді.

Бұл әдіснамалық тәсілдер арқылы фитонимдердің этномәдени кодын анықтау, олардың ырым-тғыйымдар мен наным-сенім жүйесіндегі орнын зерттеу мақсатында салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар, дәстүрлі тіл мен мәдениет арасындағы байланысты анықтау үшін тарихи-компаративтік әдіс те пайдаланылды. Мақала нәтижелері тіл, мәдениет және таным бірлігін зерттеуге бағытталған этнолингвистикалық ізденістерді тереңдетуге негіз болады.

**Тірек сөздер:** фитонимдер, этномәдени код, ырым-тыйым, наным-сенім, қазақ мәдениеті, символдық мән, сакралды лексика, этнолингвистика, рухани таным

### **Кіріспе**

Тіл – ұлттың рухани коды. Ал сөздік қордағы өсімдік атаулары (фитонимдер) – халықтың табиғатпен етене байланысының, дүниетанымының көрінісі. Фитонимдер тек биологиялық атаулар ғана емес, олар – мәдени, діни, наным-сенімдік мағынасы бар тілдік бірліктер. Әсіресе қазақ халқының ырым-тыйымдары мен наным-сенімдерінде белгілі бір өсімдіктердің киелі немесе керісінше, тыйым салынған сипатта қолданылуы – сол қоғамның таным жүйесі мен дүниеге қатысын білдіреді.

Тіл – белгілі бір ұлттың рухани және мәдени болмысының көрінісі. Сол тілдің сөздік құрамындағы әрбір лексема белгілі бір ұлттың таным-түсінігіне, дүниетанымына, өмір сүру салтына қатысты ақпарат береді. Соның ішінде өсімдіктерге байланысты қалыптасқан фитонимдер жүйесі – халықтың табиғатпен, қоршаған ортамен қатынасын, олардың дүниені қабылдау ерекшелігін бейнелейтін лексикалық қабат. Фитонимдер тек номинативтік қызмет атқарып қоймай, ұлттың тарихи-мәдени кодын жеткізетін маңызды этнолингвистикалық бірліктер қатарына жатады.

Қазақ тіл білімінде өсімдік атауларын зерттеу ХХ ғасырдың екінші жартысында жүйелі түрде қолға алына бастады. Түркі халықтарының тілдік және мәдени дүниетанымындағы өсімдікке қатысты ырым-тыйымдар мен атауларға алғашқылардың бірі болып В.Радлов, Н.Ильминский, Ә.Диваев сынды ғалымдар назар аударды. Олар түркі тілдес этностардың ауыз әдебиеті мен фольклорында жиі кездесетін фитонимдік атаулар мен соларға қатысты наным-сенім үлгілерін жинақтап, сипаттап берді. Қазақ тіліндегі өсімдік атауларына қатысты арнайы сөздік құрастыру ісіне С.Арзымбетов, Т.Мұсақұлов, С.Арыстанғалиев, Е.Рамазанов сынды ғалымдар зор үлес қосты. Мәселен, С.Арзымбетовтың ауыл шаруашылығы терминдеріне арналған сөздігінде 668 фитоним қамтылған. Оның 559-ы – өсімдіктердің туыстық атаулары, ал 109-ы – түр атаулары [1]. Бұл сөздік өсімдіктердің халықтық атауларын алғаш көптеп жинақтаған еңбектердің бірі болып саналады. Осы еңбекті негізге ала отырып, Т.Мұсақұлов өзінің «Қазақша-орысша терминология сөздігін» құрастырған. Мұнда 569 түбір немесе біріккен сөз және 173 тіркестен тұратын, барлығы 742 өсімдік атауы жинақталған [2]. Ал С.Арыстанғалиевтің 2002 жылы жарық көрген толықтырылған анықтамалық сөздігінде Қазақстан аумағында табиғи түрде өсетін жоғары сатыдағы гүлді өсімдіктердің 1022 туысы мен 5647 түрінің қазақша, орысша және латынша ғылыми атаулары берілген [3]. Бұл сөздік ғылыми жүйелеу мен терминологиялық сәйкестікке негізделгендігімен ерекшеленеді әрі қазақ фитонимдерінің халықаралық ғылыми айналымға енуіне жол ашқан маңызды еңбек болып табылады.

Қазақ тіл білімінде фитонимдерге қатысты лексикалық бірліктерді тілдік тұрғыдан қарастырған зерттеушілер қатарына П.Поляков, М.Бимағамбетов, А.Айғабылов, Б.Қалиев, Г.Ұйықбаева, Ш.Күркебаев, У.Әділбаева, Ш.Сейітова, М.Күштаева, Г.Омарбекова сынды ғалымдарды жатқызуға болады. Бұл ғалымдардың еңбектері өсімдік атауларының лексика-семантикалық, этимологиялық, терминологиялық және танымдық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Профессор Б.Қалиев қазақ тіл білімінде өсімдік атауларын жан-жақты зерттеп, оларды ұлт болмысымен байланыстыра қарастырған жетекші ғалымдардың бірі. Ол өз еңбегінде фитонимдердің шығу төркіні, жасалу жолдары мен семантикалық ерекшеліктерін талдай отырып, төл, кірме және ортақ түркілік өсімдік атауларын жүйелеп, олардың лексикологиялық және лексикографиялық маңызын айқындайды [4]. Г.Ұйықбаева өз зерттеуінде өсімдік атауларының уәжділік негіздеріне тоқталып, олардың түсі, көлемі, иісі, дәмі, тұрмыстық қолданысы және өскен ортасына қарай аталғанын дәлелдейді. Ол қазақ тіліндегі фитонимдерді орыс және латын тілдеріндегі атаулармен салыстырып, уәждерінің ұқсастығын нақты мысалдармен көрсеткен [5]. Ш.Күркебаев өсімдіктердің құрылымдық мүшелеріне қатысты терминдерді жинақтап, олардың жасалу, даму, қолданыс ерекшеліктерін және тілдегі орнын лингвистикалық әрі терминологиялық тұрғыдан ашып көрсеткен [6]. Ш.Сейітова өсімдіктерге байланысты тұрақты тіркестерді этнолингвистикалық тұрғыда қарастырып, олардың ұлттық мәдени мазмұнын айқындауға күш салған [7]. Ал М.Күштаева «тары» концептісін тілдік және мәдени аспектіде зерттеп, оған қатысты фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер мен халықтық білім негізінде қалыптасқан лексемаларды жүйелеген [8].

Жоғарыда аталған зерттеулер фитонимдердің лексикалық, семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін танып-білуге негіз қаласа, қазіргі кезеңде бұл атауларға этнолингвистикалық, мәдени-когнитивтік көзқараспен қарау қажеттігі арта түсуде. Өйткені фитонимдер – белгілі бір халықтың табиғатпен байланысын, өмірлік тәжірибесін, дәстүрін, наным-сенімін тіл арқылы бейнелейтін терең мәдени-танымдық бірліктер.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Бұл зерттеуде қазақ тіліндегі фитонимдердің этнолингвистикалық сипатын анықтау үшін кешенді лингвомәдени әдіснамалық негіз қолданылды. Тілдік материал ретінде көркем әдебиет үлгілерінен, ауыз әдебиеті мәтіндерінен, салт-дәстүрлік сипаттағы мәтіндерден және этнографиялық деректерден алынған фитонимдік атаулар алынды. Фитонимдердің мағынасын, қолданылу аясын және семантикалық ерекшеліктерін анықтау үшін мынадай әдістер қолданылды: сипаттамалы әдіс – фитонимдердің тілдік табиғатын ашу, олардың қолданыс

ерекшеліктерін жүйелеу үшін қолданылды; семантикалық талдау – өсімдік атауларының мән-мағынасын, коннотациясын және мәдени жүктемесін саралау үшін қолданылды; салыстырмалы әдіс – қазақ фитонимдерін басқа түркі халықтарының фитонимдерімен салыстыра отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға бағытталды; этнолингвистикалық талдау – өсімдік атауларының халықтық наным-сенімдер, ырым-тыйымдар мен мифологиялық дүниетанымдағы орнын сипаттау үшін қолданылды; контекстуалдық талдау – фитонимдердің қолданылған мәтіндік ортада қандай прагматикалық және символдық қызмет атқаратынын анықтауға бағытталды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Қазақ халқының таным-түсінігінде жусан өсімдігі ерекше орын алады. **Жусан** – тек шөптің атауы емес, ол ұлттық дүниетанымда терең мәдени, рухани және символдық мәнге ие фитонимдік бірлік. Жусан атауының тілдік жүйеде қалыптасуы мен қолданылуы оның табиғи-географиялық ерекшелігімен ғана емес, сонымен қатар, халықтың рухани құндылықтарымен тығыз байланыста қарастырылады.

Жусан – қазақтың кең даласында еркін өсетін, құрғақшылыққа төзімді, хош иісті, емдік қасиеті бар өсімдік. Осы табиғи белгілерінің негізінде жусан атауы ұлттық мәдениетте туған жердің символы, тазалықтың нышаны, зұлымдық пен жамандықтан қорғайтын күш ретінде қалыптасқан. Қазақ тіліндегі «жусан иісі» тіркесі туған жерге деген сағыныш пен ыстық сезімді білдіреді. Халық арасында «Жусанның иісі мұрынды жарады», «Жусанның иісі – елдің иісі» деген сөздер соның дәлелі. Жусанға қатысты ырымдар мен тыйымдар да бұл өсімдіктің қасиетті деп танылғанын аңғартады. Мәселен, көшіп бара жатқан ауыл жусан шөбін жұлып алмайды, өйткені бұл – «жердің киесі», «елдің тынысы»; кісі өлген үйдің маңайына жусан ілінбейді – бұл қайғы мен қасиетті шөпті қатар қоюға болмайтынын білдіреді; баланы шошынудан немесе жын-періден сақтау үшін жусан түтінін тұтатып, баланы аластайды – мұнда жусан тылсым күштерден қорғайтын магиялық құрал қызметін атқарады. Сонымен қатар, қазақы дүниетанымда жусанмен байланысты тазалық, емдік, қасиет концептілері айқын байқалады. Халық медицинасында жусанның қайнатпасы түрлі ауруларды емдеуге, ішек тазалауға, жараны жазуға қолданылады. Бұл тәжірибе тек тұрмыстық қана емес, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан көнеден жеткен білім, яғни этномәдени мұра болып табылады. Жусанның киелі өсімдік ретінде қабылдануы қазақ халқының экологиялық танымы мен этикалық қатынасының да бір көрінісі. Табиғатпен үндес, әрбір шөпке тіршілік иесі ретінде қарап, оны қадірлеу дәстүрі жусанға қатысты наным-сенімдерде ерекше айқын. Қазақ үшін жусан тек флора нысаны ғана емес, сонымен бірге, ұлттық болмыстың, далалық рухтың белгісі ретінде де танылады. Жусанға

байланысты фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер де оның тілдегі семантикалық өрісінің кеңдігін, этномәдени код ретіндегі қызметін дәлелдейді. Бұл фитоним тек номинативтік емес, символдық, семиотикалық, этнолингвистикалық қызмет атқаратын бірлік ретінде танылып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, жусан атауы қазақ этносының тілдік санасында экологиялық, сакралдық, рухани және символдық мазмұндағы күрделі мәдени кодтардың тоғысқан нүктесі болып табылады.

Қазақ даласында жусан өсімдігінің алуан түрі кездеседі. Солардың ішінде кең таралғандарына тоқталсақ: боз жусан – жаздың соңына қарай шығатын, көпжылдық өсімдік түрі; дермене жусан – еліміздің оңтүстік аймақтарында табиғи түрде өсетін, емдік қасиетімен танымал өсімдік; ал кара жусан – бойы аласа, жыл бойы жасыл күйін сақтайтын көпжылдық түр болып табылады [9, 201 б.]. Зерттеуші Г.Бегимованың пікірінше, қасқа жусан, кер жусан, боз жусан сияқты атаулар адамның сыртқы келбетімен немесе физикалық белгілерімен ассоциацияланып, фитонимдік жүйеде жеке топ құрайды [10, 55 б.].

Жусан атауына байланысты жер-су атаулары да жиі кездеседі. Мәселен, М. Құрбан өз еңбегінде «Жусанды» топонимін талдай келе, бұл атаудың «жусан» өсімдігінің атауы мен «-ды» аффиксінен құралғанын, әрі бұл жұрнақ белгілі бір нәрсенің көп немесе бар екенін білдіретінін атап өтеді. Осыған сәйкес, «Жусанды» атауы – «жусаны мол өсетін аймақ» деген мағынаны білдіретінін көрсетеді [11, 207 б.].

Қазақ халқының мәдени-танымдық жүйесінде **адыраспан** – қасиетті, киелі, магиялық күшке ие өсімдіктердің бірі ретінде ерекше орын алады. Бұл өсімдік атауы тек ботаникалық нысан ретінде емес, этномәдени код ретінде, яғни халық санасында орныққан символдық мәні бар танымдық таңба ретінде қызмет атқарады. Адыраспан атауы тілде тек номинативтік деңгейде ғана қолданылып қоймай, ол белгілі бір ырымдық, сакральдық, семиотикалық мәндерге ие бола отырып, мәдени болмыстың бір бөлшегі ретінде көрінеді. Қазақ тілінде «адыраспан» сөзі көбінесе емдік, тазарту, тылсымнан қорғану, бәле-жала, көз тиюден сақтану мағынасында жиі қолданылады. Адыраспан өсімдігіне байланысты қалыптасқан ырым-тыйымдар мен наным-сенімдер бұл фитонимнің тек шөп емес, қасиетті рухани символ ретінде танылғанын көрсетеді. Халық ұғымында адыраспан – жын-шайтанды, көз тимені, дерт-сырқауды қашыратын тылсым күші бар шөп. Оның басты қызметі – тазарту, яғни киелі кеңістікті сақтап, адамды жамандықтан қорғау.

Адыраспанға байланысты ең кең таралған ырым – оны түтетіп, түтінімен адамды немесе үй ішін аластап шығару. Бұл әрекеттің негізінде архаикалық шамандық дүниетаныммен сабақтасып жатқан сакралдық түсініктер жатыр. Халық арасында «Адыраспан аластайды, бәле-жаладан тазалайды» деген наным берік орныққан. Бұл әрекет түрлі ауру, ұшырасқан

қиыншылық, жан тыныштығы бұзылған кезде немесе жаңа туған нәрестені көз тиюден сақтау мақсатында жасалады.

Сонымен қатар, адыраспанмен аластау жын-шайтандардан, тылсым күштерден қорғаудың бір формасы ретінде қарастырылып, оны отқа тастап, түтінін адамдар мен малдардың үстінен айналдырады. Бұл тәжірибенің магиялық қорғаныс қызметі бар. Осыған орай, халық арасында тараған мынадай бата-тілектер мен жол-жоралғылар бар:

«Адыраспан аласта,  
Көзі жаман аласта!  
Қырық бір пәле қашсын деп,  
Алас, алас, алас та!»

Бұл жолдарда адыраспан – жамандық атаулыны аластайтын, тазартатын күш ретінде суреттеледі. Мұнда оның семиотикалық мәні өте жоғары: адыраспан – жамандық пен жақсылықтың ара жігін ажырататын, көзге көрінбейтін шекараны күзететін «қасиетті белгінің» рөлін атқарады.

Этнолингвистикалық тұрғыдан алғанда, адыраспан сөзінің қолданылу өрісі өте кең. Ол мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде, ырымдық мәтіндерде жиі кездеседі. Мәселен, «Адыраспан шөп емес, аластаушы қасиет», «Адыраспан түтіні – ел қорғаны» сияқты сөз тіркестері мен тұрақты орамдарда бұл өсімдіктің мәдени символға айналғаны көрінеді.

Адыраспан – қазақ халқының мифтік дүниетанымында да ерекше орын алады. Көптеген этнографиялық жазбаларда жын-шайтан жолы адыраспанмен жабылады, мал қорасы, есік алдын адыраспанмен тазалап, от жаққанда «жамандық кетсін» деген сеніммен орындалады. Кейбір жерлерде адыраспан кептіріліп, үйдің төріне ілінеді – бұл да «үй ішін күзету» қызметін атқарады. Бұл жоралғылардың түп-төркіні халықтың кеңістік пен затты киелеу, табиғатпен тылсым байланыс орнату ұмтылысынан туған.

Сонымен қатар, адыраспан емдік қасиеттерімен де танымал. Ол іш ауруы, тері аурулары, тұмау, жүйке жүйесі сырқаттарында кеңінен қолданылған. Адыраспанның қайнатпасы да, түтіні де халықтық медицинаның бір бөлігі ретінде танылған.

Лингвомәдени кеңістікте адыраспан – рух, тазалық, қорған, шекара деген ұғымдармен ұштасып, қазақ халқының әлемдік бейнесінде маңызды этномәдени код болып қалыптасқан. Оның қызметі – мәдени жадты сақтау, қорғану рефлексін іске қосу және қоршаған ортаны киелеу арқылы ұлттық танымның сабақтастығын қамтамасыз ету.

Адыраспан фитонимі – қазақ тілінің тек лексикалық бірлігі ғана емес, сонымен қатар, рухани-мәдени концепт ретінде көрініс табатын, халықтың табиғатқа, тылсым күштерге және өз өмірлік кеңістігіне қатынасын бейнелейтін күрделі таңба. Оның ырым-тыйым мен наным-сенім жүйесіндегі орны – қазақ этносының дүниетаным құрылымының маңызды құрамдас бөлігі.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде өсімдіктер тек тіршілік көзінің бір элементі ретінде ғана емес, терең танымдық, мифологиялық және сакралдық мәнге ие нысандар ретінде де қарастырылады. Осындай ерекше лексемалардың бірі – арша. **Арша** – тек өсімдік атауы ғана емес, этномәдени код, яғни халықтық сананың терең қатпарларында орныққан рухани таңба. Қазақ дүниетанымында арша тазартады, қорғайды, емдейді және киелі саналады.

Арша – хош иісті, қылқан жапырақты, мәңгі жасыл бұта немесе ағаш. Ол көбіне таулы, тасты аймақтарда өседі. Табиғи ерекшелігі мен сыртқы формасы халық санасында оның рухани және тылсым күштерге жақындығын қалыптастырған. Қазақ халқы аршаны «тазалаушы», «жамандықтан қорғаушы», «киелі кеңістіктің күзетшісі» ретінде сипаттайды.

Арша түтінін пайдалану – халқымыздың көнеден келе жатқан магиялық-ритуалдық тәжірибелерінің бірі. Халықтық дәстүрде аршаны түтетіп, үйді, адамды, малды аластау – жамандықтан арылудың, рухани тазартудың бір жолы. Арша түтіні арқылы адамды көз тиюден, ауыр дерттен, жын-шайтаннан, пәле-жаладан сақтау мақсат етіледі. Бұл әрекетте арша – сакралды шекараның белгісі, оның түтіні – рухани қорғаныс құралы.

Аршаны жаңа түскен келінді алғашқы түні аластау үшін, үйге нәресте келгенде шілдехана кезінде, көшіп келгенде жаңа қонысты жын-шайтаннан тазарту үшін, ауырған адамды айналдырып, алас салу үшін, мал шығын болып жатса, қораны арша түтінімен аластау үшін қолданады.

Бұл дәстүрлердің барлығы арша фитонимінің наным-сенім жүйесіндегі магиялық қызметін айқын көрсетеді. Қазақы дүниетанымда аршаның түтіні – тек шөптің иісі емес, ол – рухани қуат. Ол оттың, иістің және дұғаның қосындысы ретінде ерекше күшке ие болады.

Кейбір этнографиялық мәліметтерге сүйенсек, арша тек магиялық мақсатта ғана емес, қасиетті кеңістіктің белгісі ретінде де қолданылады. Мәселен, аршаны киелі жерлерге, қорымдарға, әулие басына апарып, түтетеді. Қасиетті жерлерде немесе емдік орындарда арша жағу – сол кеңістікті тазартып, шипа қуатын арттырады деген сенім бар. Арша өсіп тұрған жерлер – «Киелі мекен» деп саналып, оған зиян келтіруге тыйым салынады. Халық медицинасында аршаның шипалық қасиеті де кең танылған. Оның тұнбалары мен майы буын ауруларын емдеуде, тыныс жолдарын тазартуда, салқын тию мен тұмауда, тері ауруларына қарсы қолданылған.

Қазақ тілінде арша сөзінің қатысуымен бірнеше тұрақты тіркес және көркем бейнелеу құралдары қалыптасқан. Мысалы, «Арша түтеткен үйден пәле қашар», «Аршаның иісі шыққан жерге шайтан жоламас» деген тәрізді сөз орамдары аршаның символдық күшін көрсетеді. Сонымен қатар, кей аймақтарда «Аршадай болып жайнап кетті» деген тіркес те кездеседі, бұл аршаның жарық, күшті, таза образымен байланысты.

Арша тек қазақ халқына ғана тән киелі өсімдік емес, ол бүкіл түркі халықтарының дәстүрінде қасиетті шөп ретінде орныққан. Мәселен, түрік, қырғыз, ноғай, қарақалпақ, ұйғыр халықтарында да арша түтінін пайдалану дәстүрі кең таралған. Бұл ортақтық аршаның түркілік танымның этномәдени өзегінде бар екенін дәлелдейді.

Арша фитонимі – қазақ халқының мәдени кеңістігінде көпқабатты семантикалық мәнге ие өсімдік. Ол тазартушы, қорғаушы ретінде халықтың тілінде, салт-дәстүрінде, наным-сенімінде, көркем мұрасында кең орын алған.

Арша тек өсімдік емес, ол – этномәдени таным мен сакралды болмыстың тілдегі көрінісі, ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдени код. Оның тілдік және мәдени кеңістіктегі орны – қазақ халқының дүниетаным құрылымын, табиғатпен байланысын, рухани құндылықтарын бейнелейтін маңызды этнолингвистикалық феномен.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, шаруашылық мәдениетінде және рухани өмірінде **тары** ерекше орын алған дәстүрлі дақылдардың бірі. Көшпелі өмір салты мен табиғи-климаттық жағдайларға икемделген қазақ халқы үшін тары – тек азық көзі емес, сонымен қатар ырыс пен берекенің, құт пен молшылықтың символы. Тары атауы қазақ тілінің лексикалық құрамында фитоним ретінде ғана емес, этномәдени код ретінде де қызмет етеді. Ол халық санасында қалыптасқан наным-сенім жүйесінде, салт-дәстүрде, тілдік бірліктерде ерекше мәнге ие.

Тарымен байланысты қалыптасқан басты концепт – молшылық. Қазақ ұғымында тары егістігі мол өніп, қоры молайса, бүкіл ауыл тоқ болады. Осыған байланысты «Тарыдай шашылсын!», «Тарыдай көбейсін!», «Тарыдай береке кірсін!» деген бата-тілектер халық аузында кең тараған. Бұл тіркестерде тары мөлшерінің ұсақтығы емес, оның көптігі мен өнімділікке негізделген мәні басты орын алады.

Халық танымында тары «құтты дән» ретінде қарастырылады. Көне заманда әр үйдің босағасында бір уыс тары сақталған. Бұл ырым – «ырыс кетпесін», «құт қонсын» деген сенімге негізделген. Кей өңірлерде жаңа көшіп барған үйдің босағасына тары себу – сол үйге ырыс шақыру амалы саналған.

Тарыға қатысты қалыптасқан ырым-тыйымдар халықтың материалдық дүниесін сакралданған кеңістікпен байланыстыруға тырысқан ұмтылысының көрінісі. Мәселен, тарыны төгу – ырыстың төгілуі деп есептеледі, сол себепті тарыны шашуға, аяқпен басуға қатаң тыйым салынған. Қыз бала тарыны төгіп алса, «жаман ырым» деп саналады – «берекесі болмайды» деген сеніммен байланысты. Тарыны мал баспасын, табан тимесін деген ырыммен жоғары сөрелерде сақтау әдетке айналған. Қайтыс болған адамның жетісінде немесе жылында дастарқанға міндетті түрде тарыдан жасалған тағам (қоймалжың, жент, талқан) қояды – бұл да тарының аруағымен байланысушы тағам екенін білдіреді.

Бұл тыйымдар мен жоралғылар тарының тек заттық емес, рухани-мәдени құндылық ретінде орныққанын аңғартады.

Көшпелі қоғамда егіншілік ауқымды болмаса да, тарыға деген көзқарас табиғатпен астасқан наным-сенімдермен сабақтасқан. Қуаңшылық жылдары тары шықпай қалса, бұл – «жердің ашуы» немесе «ырыстың жолы кесілді» деп түсінілген. Мұндай кезде ел ішінде тасаттық беріп, тарының өнімді болуын тілеп, Құдайға жалбарыну ғұрпы жасалған.

Сондай-ақ тарыны егу мен жинау рәсімдері де салтқа сай орындалған. Мысалы, тарының алғашқы өнімінен әйелдер «алғашқы жент» жасап, оны ауылдың үлкендеріне таратқан. Бұл – табысты бөлісу, ырысты ортақ көру деген ұғыммен байланысқан.

Фитоним ретінде тары – мәдени концепт, яғни белгілі бір халықтың өмір салтымен, наным-сенімімен тығыз байланыстағы танымдық бірлік. Ол «тағам», «ырыс», «құт», «өнім», «тіршілік көзі» сынды ұғымдармен мағыналық өріс түзеді. Бұл концепт тілдік сана мен этномәдени танымның түйісу нүктесі ретінде зерттеушілер үшін маңызды.

Ғалым М.Күштаева өз еңбектерінде тарының лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық өрісін, сонымен қатар «тары» концептісінің аялық біліммен байланысын жүйелі түрде зерттеген. Ол «тары» атауының ұлттық мәдениетте сақталған тілдік бірліктер арқылы айқындалатынын, сондай-ақ тарының қазақтың егіншілік мәдениетіндегі айрықша символ екенін нақтылайды [8, 21 б.].

Тары – қазақ халқы үшін тек егін шаруашылығының нысаны емес, этномәдени жадтың бір бөлшегі, наным-сенім мен ырым-тыйым жүйесінде орныққан киелі ұғым. Оның символдық мәні – ырыс, береке, құт, тоқшылық, тұрақтылық ұғымдарымен тікелей байланысты. Халық тіліндегі тіркестер, ырымдар мен дәстүрлер тарының мәдени мәні жоғары фитоним екенін дәлелдейді. Демек, тары – тек дән емес, этностың рухани-мәдени кодын сақтаушы тілдік таңба.

Қазақ халқының дүниетанымдық жүйесінде өсімдіктер тек табиғи нысан ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени, символдық және сакралды мәні бар ұғым ретінде көрініс табады. Осындай киелі мәнге ие фитонимдердің бірі – **сексеуіл**. Сексеуіл – шөл және шөлейт аймақтарға тән өсімдік бола тұра, қазақ халқының мәдени жадында, салт-дәстүрінде, наным-сенімінде, ырым-тыйым жүйесінде ерекше орын алған этнобелгі.

Сексеуіл – табиғаттың қатал жағдайына ерекше бейімделген, ыстыққа да, суыққа да, ұзақ құрғақшылыққа да төтеп беретін өсімдік. Халықтық дүниетанымда бұл ерекшелігі оған төзімділік, беріктік, рухани мықтылық символын жүктеген. «Сексеуілдің түбінде өссең – сынбассың» деген мәтел қазақы пайымдағы өмірге бейімделу мен сабырдың, табандылықтың бейнелі көрінісі.

Кейбір этнографиялық деректерде сексеуіл – бақсы-балгерлік мәдениетпен де байланыстырылады. Себебі оның оты өте ұзақ жанады, күл қалдырмай жанып бітеді. Бұл қасиеті оны тазарту мен аластау рәсімдерінде пайдалануға себеп болған.

Қазақ тұрмысында сексеуіл – қасиетті отын. Ол көбінесе шөлді аймақтарда жалғыз өскендіктен және ұзақ жанатын, шокқа айналатын сапасына байланысты киелі от жағуға арналған ерекше ағаш ретінде бағаланады. Сексеуілдің оты жарық, таза, түтінсіз, шокты деп сипатталады. Бұл – тек физикалық сипат емес, рухани қуатпен астасқан таным.

Халық нанымында: сексеуілмен жағылған отқа түкіруге, күл төгуге болмайды; сексеуілді отынға пайдаланғанда «Бисмиллаһ» деп отқа жағу керек – бұл ағаштың киесін ренжітпеу амалы; сексеуілді кесу қажет болса, одан бұрын рұқсат сұрау – «киесі ұрмасын» деген ырым. Кей ауылдарда қариялар: «Сексеуілді отын қылып жағар болсаң, үйге ырыс кіреді», – деп, оның қасиеттілік сипатын айтқан.

Сексеуіл қазақ халықтық медицинасы мен магиялық тәжірибесінде арша, адыраспан секілді аластаушы қасиеті бар өсімдік қатарына кіреді. Оның отының жалыны биік, шоғы ыстық болғандықтан, жын-шайтан мен тылсым күштерді қашырады деген сенім қалыптасқан. Осыған орай: жаңа қонысқа көшкенде, ауру адамның киімін немесе жатқан орнын, қора-қопсыны аластау мақсатында сексеуілмен от тұтатқан.

Сексеуілдің оты – жанды тазартады, үйді тазартады, кеңістікті тазартады деген сеніммен қатар жүреді.

Кей өңірлерде сексеуіл өскен жерлер – киелі, тылсым мекен деп саналады. Әсіресе Сыр бойы мен Қызылқұм өңірінде: Әулие, бақсы, емші адамдардың жерленген орындары маңында өсетін сексеуіл ағашына қол тигізуге, сындыруға болмайды; «Бақсылардың таяғы сексеуілден жасалған» деген сенім бар; Жол торып жатқан жалғыз сексеуілге жөнсіз әрекет жасау «жолың кесілді» деген ырымға ұласады. Мұның бәрі сексеуілдің табиғат пен рух арасындағы шекара белгісі, медиативтік нысан ретіндегі танымын көрсетеді.

Сексеуіл – қазақ халқының этномәдени дүниетанымында киелі, рухани мәні зор фитоним.

Сексеуілдің этимологиялық табиғаты мен лексикалық қолданысы оның тек өсімдік атауы емес, дүниетанымдық нышан екенін дәлелдейді. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер мен фольклорлық мұралардағы көрінісі арқылы ол халықтық рухани жады мен тілдік сананың көрінісі ретінде маңызды зерттеу нысаны болуға лайық.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында өсімдік атаулары тек ботаникалық термин немесе табиғат элементі ретінде ғана емес, рухани-мәдени символ, ырымдық-танымдық мәнге ие киелі код ретінде қарастырылады. Осындай киелі өсімдіктердің бірі – **ТОБЫЛҒЫ**. Қазақ

мәдениетінде тобылғы – береке, тұрақтылық, тазалық, обал мен сауаптың өлшемі ретінде танылған өсімдік.

Тобылғы – қатты, майысқақ, бұтақтары шымыр, қызғылт түсті бұта. Қазақ халқы оны «шегенің орнына жүретін ағаш», «қызыл алтын» деп сипаттайды. Тобылғының қаттылығы мен ұзаққа шыдамдылығы халық арасында сенімділік пен тектіліктің, беріктік пен ұзақ ғұмырдың нышаны ретінде қалыптасқан.

Тобылғы – қазақ шеберлері, әсіресе қамшы өретін ісмерлер мен үй жиһазын жасайтын ағаш ұсталары үшін таптырмас шикізат. Сол себепті, тобылғыға қатысты ырым-тыйым мен наным-сенімдер көбінесе оның шеберлік, қолөнер мен ер азаматтың мәртебесімен байланысты.

Қазақ арасында «Тобылғы гүлдесе – жаз шырайлы болады» деген сенім бар. Бұл – тобылғының табиғаттағы көктем мен молшылықтың, жердің жаңаруының символына айналғанын көрсетеді. Халық ұғымында: Тобылғы гүлдеген көктем – ырысты, жауын-шашынды, жерге жайлы болады; Тобылғы отқа жағылса – үй ішіне береке кіреді; Тобылғыны үй маңына отырғызуға болмайды – оның киесі бар. Бұл ырымдар тобылғыны тек өсімдік ретінде емес, кеңістіктегі рухани энергияны реттеуші нысан ретінде қабылдағанын көрсетеді.

Қазақы танымда тобылғы оты ерекше сипатта бағаланған. Ол түтіні аз, шоғы мол, шоққа айналғанда ұзақ жанатын отын ретінде белгілі; Көп жағдайда жаңа түскен келінге, сәбиді шомылдырғанда, науқасты емдегенде тобылғы отының шоғымен аластап, жын-шайтанды, жамандықты қуу әрекеттері жүргізілген. Қызыл шоқты тобылғы оты – тазарудың, жаңарудың нышаны ретінде аластату рәсімдерінде жиі қолданылған.

От пен ошақ – қазақ дүниетанымында қасиетті ұғым. Тобылғы оты осы киелі ортаның энергетикалық тірегі, «жамандықты қашырап күш» ретінде қарастырылған.

Тобылғы қазақтың ер азаматтарының жоралғыларында ерекше орын алған. Ең алдымен, қамшы тобылғыдан өріледі. Тобылғы қамшы ер жігіттің тұлпары мен ер-тоқымының бөлінбес бөлшегі, билік пен әділдік нышаны ретінде би-шешендердің қолында ұсталған белгі, тектіліктің, мықтылықтың символы: «Тобылғы сапты қамшыдай» деген теңеулерде беріктік, жүйелілік, шешімталдық мағынасы жүктеледі. Атақты би-шешендер мен батырлардың тобылғы қамшысы киелі мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа берілген. Бұл тұрғыдан қарағанда, тобылғы тек заттық мәдениеттің ғана емес, рухани мұраның да бір бөлшегі. Осы ретте зерттеуші А.Шормакова «Қамшының сабы ретінде тобылғыны таңдап алу, біріншіден, оның қаттылығы мен беріктігіне байланысты болса, екінші жағынан «тобылғы тұрған жерге жын жуымайды» деген халық сеніміне байланысты. Сондықтан сабы тобылғыдан жасалған қамшыны жын жоламасын, шайтан кірмесін деген мағынада төрге ілу, бесіктің басына жастау секілді ырымдар болған» [12, 45 б.].

Қазақ халқында тобылғыға қатысты тыйымдар мен ырымдар кең тараған. Мысалы: тобылғыны көктемде кесуге болмайды – «гүлі мен иісі ренжиді»; тобылғыны жас кезінде сындыру күнә – себебі ол ана секілді – нәзік те, берік; тобылғы түбі – жыланның ұясы деп сеніп, арнайы сақтану амалдары жасалған; қамшы өретін кезде тобылғының түнде кесілгені абзал, өйткені оның шырыны ұйыған деп есептелген. Мұндай тыйымдар тобылғының халықтық экологиялық санамен байланысты киелілік жүйесіндегі орнын білдіреді.

Тобылғы – қазақ халқының рухани-мәдени болмысында табиғат пен таным, сенім мен салт арасын жалғап тұрған символдық өсімдік. Оның шеберлік пен ерлікпен, қамшы мен би-дәстүрмен, от пен ошақпен, рухани тазалық пен берекемен байланысы, тілдік жүйедегі метафоралық, паремиологиялық, символдық мәні, ырым-тыйымдар мен наным-сенімдердегі жүйелі орны – бәрі тобылғыны этномәдени код деңгейіне көтерген.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен рухани-мәдени өмірінде өсімдіктердің символдық маңызы зор. Әсіресе, табиғи ортада жиі кездесетін, күнделікті тіршілікпен біте қайнасқан кейбір шөптесін өсімдіктер этномәдени код ретінде қалыптасқан. Солардың бірі – қоға, қазақтың тұрмысында, тілі мен танымында, наным-сенімі мен әдет-ғұрпында өз орнын иеленген өсімдік атауы.

**Қоға** – батпақты жерлерде, өзен-көлдердің жағалауында өсетін, сабағы ұзын, жапырағы жалпақ, гүл шоғыры масақ тәрізді ерекше өсімдік. Қазақтар үшін қоға – сулы жердің нышаны, малға шөп, үйге төсеніш, табиғи қорғаныш. Қоғаның қай жерде өсетіні – сол жердің құнарлылығы мен тіршілікке қолайлылығын білдіреді. Сондықтан «қоға біткен жер – құтты мекен» деген түсінік қалыптасқан.

Аңызға айналған Жерұйық мекені – сулы, нулы, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт әлем ретінде сипатталады. Бұл жерде қоға ерекше өсімдік ретінде аталады. Асан қайғы бабаның «Қоға өскен жер – малға жайлы, жанға жайлы» деуі – қоғаның табиғат пен тіршілік арасындағы үйлесімділікті білдіретін космологиялық код екендігін байқатады. Мысалы: «Қоғадай жапырылды» – бір сәтте қырылып, жойылған, бейбіт орта бұзылған жағдайларды білдіретін теңеу. Бұл тіркес қоғаның тыныштық, тұрақтылық пен қауымдық бейбіт тіршіліктің белгісі ретінде танылатынын аңғартады.

Қазақ тұрмысында қоға төсеніш, қапшықтың ішкі астары, үйдің жабындысы ретінде қолданылған, қоға майы – шам жаққандағы оттық зат, баланың бесігіне көзден сақтау үшін төсеу немесе үй ішіне жайып қою ырымдары болған, су басқан жерде өсетіндіктен, жылан, жын, шошқа сияқты тыйым салынған бейнелердің ошағы деп те қарастырылып, кей уақытта қоға өскен жерге мал жаймау немесе түнеуге тыйым салынған.

Бұл тыйымдар қоғаның екіұдай – бір жағынан береке мен сулы тіршіліктің нышаны, екінші жағынан сақтану мен қорғануды қажет ететін аймақтық белгі екендігін көрсетеді.

Қоғаға қатысты қазақ тілінде тұрақты тіркестер мен бейнелі сөздер қалыптасқан: «Қоғадай жапырылу» – жаппай күйреу, бейбіт тіршіліктің бұзылуы; «Қоғаның басындай» – көп, қаптаған, шексіз көлемді білдіру; «Қоғаның желі» – желсіз күнде де қозғалыс байқалатын, белгісіз құбылыстармен байланыстырылған орта; «Қоға жұлып жүргендей» – бейсауат, ешбір бағытсыз, мәнсіз әрекетті білдіретін ауыспалы мағына. Бұл тіркестер қоғаның халық санасындағы семантикалық кеңістігінің өте ауқымды екенін, оны бейтарап шөп емес, белгілі әлеуметтік-мәдени салмаққа ие нысан ретінде қабылдағанын айғақтайды.

Қоғаға байланысты бірқатар ырымдар мен нанымдар тараған: жазғы күндері қоға көп өссе – сол жылы мал жақсы қыстайды деп сенген; қоғаның гүл масағы ерте шықса – ерте күз келеді деген ауа райын болжау нанымы бар; су жағасындағы қоға ішінен жын-шайтан шығады деген ырым арқылы түнде қоға өскен жерде жалғыз жүрмеуге тыйым салынған; қоға өсетін жер – су иесінің (су перісінің) мекені саналып, кейде құрбандық шалу немесе ырымдық тағам тастау әрекеттері жасалған. Бұл сенімдер қоғаның табиғи өсімдік болуымен қатар рухани кеңістіктегі межелік, шекаралық функциясын, яғни материалды және мифтік әлемді байланыстырушы символ ретінде қабылданғанын көрсетеді.

Қоға – қазақ этномәдениетінде табиғатпен үйлесімде өмір сүрудің, сулы тіршіліктің, бейбіт өмір мен экологиялық тепе-теңдіктің символы ретінде қалыптасқан киелі өсімдіктердің бірі. Оның қоғамдық және шаруашылық өмірдегі орны, ырым-тыйымдар мен сенімдердегі мәні, метафоралық-символдық кеңістіктегі бейнесі ұлттық дүниетанымдағы қоға фитонимінің этномәдени код ретіндегі маңызын дәлелдейді.

### **Қорытынды**

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы фитонимдердің этнолингвистикалық сипатын зерттеу арқылы олардың тек тілдік атау ғана емес, ұлттық мәдениеттің, сенім-салт дәстүрлерінің және дүниетанымның маңызды құрамдас бөлігі екенін анықтадық. Фитонимдер халықтың табиғатпен тығыз байланысын, рухани көзқарасын, сонымен қатар тарихи-мәдени тәжірибесін бейнелейтін ерекше лексикалық топ ретінде қызмет атқарады.

Зерттеу барысында фитонимдердің мағыналық құрылымы мен қолдану аясы, олардың символдық және мифологиялық рөлі жан-жақты қарастырылып, қазақ тіліндегі фитонимдердің этнолингвистикалық жіктемесі ұсынылды. Бұл зерттеу қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық бағытты дамытып, фитонимдердің ұлттық сана мен мәдениеттің айнасы ретіндегі маңызын көрсетті.

Алынған нәтижелер қазақ тілінің бай мәдени-тарихи мұрасын сақтап қалуға және ұлттық рухани құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге үлес қосады. Сонымен қатар, бұл зерттеу фитонимдерді әрі қарай тереңдетіп зерттеу және олардың басқа тілдік-мәдени құбылыстармен байланысын қарастыру үшін негіз болып табылады.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Арзымбетов С. Орысша-қазақша ауылшаруашылық сөздігі. – Алматы, 1955. – 270 б.

[2] Мұсақұлов Т. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1960. – 61 б.

[3] Арыстанғалиев С. Қазақстан өсімдіктерінің қазақша-орысша-латынша атаулар сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2002. – 288 б.

[4] Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 159 б.

[5] Уюкбаева Г.И. Народные наименования растений: автореф. канд. дис.: – Алматы, 1982. – 18 с.

[6] Күркебаев Ш. Өсімдік мүшелері мен олардың құрылым-құрылысына қатысты терминдер: фил. ғыл. канд... дис.: – Алматы, 1994. – 146 б.

[7] Сейітова Ш. Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы: фил. ғыл. канд... дис.: – Алматы, 1999. – 168 б.

[8] Күштаева М. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: фил. ғыл. канд... дис.: – Алматы, 2002. – 192 б.

[9] Сарекенова Қ., Бейсенбай А., Мұхтарова Ф. Кейбір өсімдік атауларының этнографиялық сипаты // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Хабаршысы. – 2023. – №4. – Б.196-208. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.015>

[10] Бегимова Г., Құлжанова Б., Назарова А. Қазақ және түрік тілдеріндегі өсімдік атауларының уәждемесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №1 (185). – Б. 52-60. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph6>

[11] Kurban A.M., Duisembekova Z.M. Etymological Aspects of Phytotoponyms in English and Kazakh Languages // Ясауи университетінің Хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 201-212. DOI: <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.16>

[12] Шормакова А. Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесі: философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған дис.: – Алматы, 2020. – 178 б.

### REFERENCES

[1] Arzymbetov S. Oryssa-qazaqsha auylsharuashylyq sözdıgı [Russian–Kazakh Agricultural Dictionary]. – Almaty, 1955. – 270 b. [in Kaz.]

[2] Mūsaqūlov T. Biologia terminleriniñ oryssa-qazaqşa sözdığı [Russian–Kazakh Dictionary of Biological Terms]. – Almaty, 1960. – 61 b. [in Kaz.]

[3] Arystanǵaliev S. Qazaqstan ösimdikteriniñ qazaqşa-oryssa-latynşa ataular sözdığı [Kazakh–Russian–Latin Dictionary of Plant Names of Kazakhstan]. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2002. – 288 b. [in Kaz.]

[4] Qaliev B. Qazaq tilindeǵı ösimdik ataulary [Plant Names in the Kazakh Language]. – Almaty: Ğylym, 1988. – 159 b. [in Kaz.]

[5] Uiukbaeva G.İ. Narodnye naimenovaniya rasteni [Folk Names of Plants]: avtoref. kand. dis.: – Almaty, 1982. – 18 s. [in Rus.]

[6] Kürkebaev Ş. Ösimdik müşeleri men olardyñ qūrylym-qūrylysyna qatysty terminder [Terms Related to Plant Organs and Their Structure]: fil. ğyl. kand... dis.: – Almaty, 1994. – 146 b. [in Kaz.]

[7] Seitova Ş. Ösimdikke bailanysty tūraqty tirkesterdiñ etnolingvistikalıq sipattamasy [Ethnolinguistic Description of Set Expressions Related to Plants]: fil. ğyl. kand... dis.: – Almaty, 1999. – 168 b. [in Kaz.]

[8] Kūštaeva M. «Tary» konseptisiniñ semantikalyq qūrylymy men lingvomädeni mazmūny [The Semantic Structure and Linguocultural Content of the Concept ‘Tary’]: fil. ğyl. kand... dis.: – Almaty, 2002. – 192 b. [in Kaz.]

[9] Sarekenova Q., Beisenbai A., Mūhtarova F. Keibir ösimdik ataularynyñ etnografialıq sipaty [Ethnographic Characteristics of Some Plant Names] // Abylai han atyndaǵy Qazaq halyqaralyq qatynastar jāne әlem tilderi universitetiniñ Habarşysy. – 2023. – №4. – B.196-208. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.015> [in Kaz.]

[10] Begimova G., Qūljanova B., Nazarova A. Qazaq jāne türk tilderindeǵı ösimdik ataularynyñ uājdemesi [Motivational Basis of Plant Names in the Kazakh and Turkish Language] // QazŪU Habarşysy. Filologia seriasy. – 2022. – №1 (185). – B.52-60. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph6> [in Kaz.]

[11] Kurban A.M., Duisembekova Z.M. Etymological Aspects of Phytotoponyms in English and Kazakh Languages // İasauı universitetiniñ Habarşysy. – 2023. – №2 (128). – B.201-212. DOI: <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.16>

[12] Şormakova A. Qazaq tilindeǵı ösimdik әлемiniñ lingvomädeni beinesi [Linguocultural Image of the Plant World in the Kazakh Language]: filosofia doktory дәреjesin alu üşin daiyndalǵan dis.: – Almaty, 2020. – 178 b. [in Kaz.]

## **ЭТНОКУЛЬТУРНЫЙ КОД ФИТОНИМОВ: РОЛЬ В СИСТЕМЕ СУЕВЕРИЙ, ЗАПРЕТОВ И ОБРЯДОВ**

\*Нұрсұлтанқызы Ж.,<sup>1</sup> Снасапова Г.Ж.,<sup>2</sup> Байдаулетова А.Ө.,<sup>3</sup> Боранбай Б.Е.<sup>4</sup>  
<sup>\*1,2,3,4</sup> Кызылординский университет Болашак, Кызылорда, Казахстан

**Аннотация.** В статье рассматривается этнокультурный код фитонимов, занимающих важное место в языковой картине мира казахского народа, а также их роль в системе поверий, запретов и обрядов. Фитонимы не ограничиваются

только номинативным значением, а осмысливаются как культурные знаки, отражающие экологические, сакральные и мировоззренческие установки народа. В казахской этнолингвистике представления, связанные с растениями, считаются неотъемлемой частью национального сознания и духовного пространства. В статье проводится этнолингвистический, семиотический и культурно-когнитивный анализ таких фитонимов, как полынь, адраспан, арча, просо, саксаул, тобылгы, с подробным описанием их роли и функций в традиционном мировоззрении. Также исследуются отражения этих растений в фольклоре, пословицах и религиозных обрядах.

Цель статьи – определить роль фитонимов в системе верований, обрядов и культурных традиций казахского народа через изучение их этнокультурного кода. Кроме того, рассматриваются особенности мировоззрения, отношение к природе и растениям, формирование народных верований через призму фитонимов.

Научная значимость работы заключается в выявлении глубоких основ казахских традиций и верований посредством анализа этнокультурного кода фитонимов. Методология исследования основана на этнолингвистическом, семиотическом и культурно-аналитическом подходах. Особое внимание уделяется символическому значению фитонимов и их роли в языковой структуре. Для выявления этнокультурного кода фитонимов и их места в системе верований применён сравнительно-сопоставительный метод, а также историко-сравнительный подход для установления связи между традиционным языком и культурой. Результаты статьи могут служить основой для дальнейших этнолингвистических исследований, направленных на изучение единства языка, культуры и мировоззрения.

**Ключевые слова:** фитонимы, этнокультурный код, запреты, поверья, казахская культура, символическое значение, сакральная лексика, этнолингвистика, духовное мировоззрение

## THE ETHNOCULTURAL CODE OF PHYTONYMS: THEIR ROLE IN THE SYSTEM OF SUPERSTITIONS, TABOOS, AND RITUALS

\* Nursultankyzy Zh.<sup>1</sup>, Snasapova G.Zh.<sup>2</sup>, Baidautetova A.O.,<sup>3</sup> Boranbay B.E.<sup>4</sup>

<sup>\*1,2,3,4</sup> Kyzylorda Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan

**Abstract.** The article examines the ethnocultural code of phytonyms, which occupy an important place in the linguistic worldview of the Kazakh people, as well as their role in the system of beliefs, taboos, and rituals. Phytonyms are not limited to nominative meaning but are viewed as cultural signs reflecting the ecological, sacred, and worldview orientations of the people. In Kazakh ethnolinguistics, the representations associated with plants are considered an

integral part of national consciousness and spiritual space. The article provides an ethnolinguistic, semiotic, and cultural-cognitive analysis of phytonyms such as wormwood, adraspan, juniper, millet, saxaul, and tobylgy, with a detailed description of their roles and functions in traditional worldview. Additionally, the reflections of these plants in folklore, proverbs, and religious rituals are explored.

The aim of the article is to determine the role of phytonyms in the belief system, rituals, and cultural traditions of the Kazakh people through the study of their ethnocultural code. Furthermore, it examines the peculiarities of worldview, the relationship with nature and plants, and the formation of folk beliefs through the prism of phytonyms.

The scientific significance of the work lies in uncovering the deep foundations of Kazakh traditions and beliefs through the analysis of the ethnocultural code of phytonyms.

The research methodology is based on ethnolinguistic, semiotic, and cultural-analytic approaches. Special attention is given to the symbolic meaning of phytonyms and their role in linguistic structure. A comparative analysis method was used to identify the ethnocultural code of phytonyms and their place in the system of beliefs, along with a historical-comparative approach to establish the link between traditional language and culture. The results of the article can serve as the foundation for further ethnolinguistic studies aimed at exploring the unity of language, culture, and worldview.

**Keywords:** phytonyms, ethnocultural code, taboos, beliefs, Kazakh culture, symbolic meaning, sacred vocabulary, ethnolinguistics, spiritual worldview

*Мақала түсті / Статъя постувила / Received: 05.09.2025.*

*Жариялауга қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Нұрсұлтанқызы Жазира – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қызылорда Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: zhaznur@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1862-1062>

Снасапова Гулжахан Жумашовна – филология ғылымдарының кандидаты, Қызылорда Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: gul.snasapova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-9477-8771>

Байдаулетова Аязоз Өтеуқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қызылорда Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: Ayiagoz\_i@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8442-362X>

Боранбай Болат Елтайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: bolat\_boranbay@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9755-711X>

***Информация об авторах:***

Нурсултанкызы Жазира – кандидат филологических наук, доцент, Кызылординский университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан, e-mail: zhaznur@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1862-1062>

Снасапова Гулжахан Жумашовна – кандидат филологических наук, Кызылординский университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан, e-mail: gul.snasapova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-9477-8771>

Байдаулетова Аязоз Өтеуқызы – кандидат филологических наук, Кызылординский университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан, e-mail: Ayiagogz\_i@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8442-362X>

Боранбай Болат Елтайұлы – кандидат филологических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, e-mail: bolat\_boranbay@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9755-711X>

***Information about the authors:***

Nursultankyzy Zhazira – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Kyzylorda Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: zhaznur@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1862-1062>

Snasapova Gulzhakhan Zhumashovna – Candidate of Philological Sciences, Kyzylorda Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: gul.snasapova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-9477-8771>

Baidauletova Ayagogz Oteukyzy – Candidate of Philological Sciences, Kyzylorda Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: Ayiagogz\_i@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8442-362X>

Boranbay Bolat Yeltauly – Candidate of Philological Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: bolat\_boranbay@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9755-711X>